

1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 1 шілдедегі N 52-IV Заңы

Ашхабадта 2007 жылғы 22 қарашада қол қойылған 1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. НАЗАРБАЕВ

Президенті

1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1. Келісімнің атауындағы "Тексеру" деген сөзден кейін "калибрлеу, салыстыру" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

1.2. Кіріспенің үшінші абзацы "өндіру, тексеру" деген сөздерден кейін "калибрлеу, салыстыру" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

1.3. 2-бап "Тексеру" деген сөзден кейін "калибрлеу, салыстыру" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

1.4. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын: "Осы Келісім оған 1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімге қатысатын басқа мемлекеттердің депозитарийге - Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетіне осындай қосылу туралы құжаттарды беру жолымен қосылуы үшін ашық."

1.5. Келісім мынадай мазмұндағы 7-баппен толықтырылсын: "Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен ресімделеді.", тиісінше келесі баптардың нөмірленуі өзгертілсін.

2. Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға байланысты даулар мен келіспеушіліктер, егер Тараптар басқа туралы уағдаласпаса, келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

3. Осы Хаттама мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

2007 жылғы 22 қарашада Ашхабад қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Түрікменстан

Грузия
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Украина

**1995 жылғы 10 ақпандағы Тексеру және метрологиялық
аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік
құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық
үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден
және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімге
өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға
Молдова Республикасының ескертуі**

2007 жылғы 22 қараша

Ашхабад қаласы

"Молдова Республикасы осы Хаттаманың ережелерін қолдану кезінде ұлттық заңнаманың талаптарын және оның осы салада қабылдаған халықаралық міндеттемелерін басшылыққа алатын болады".

Премьер-министр

ВАСИЛЕ ТАРЛЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК